

БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қысқы демалыс басталған кезде балалардың қауіпсіздігі ата-аналар, педагогтер мен жалпы қоғам үшін маңызды міндетке айналады. Осы кезде балалар таза ауада белсенді демалып, қысқы спорт түрлерімен айналысады. Сондай-ақ, осы уақытта басқа да маусымдық факторлармен байланысты балалардың жарақат алу қаупі артады.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарды негізгі сақтық шараларын сақтау қажеттігі туралы ЕСКЕРТЕДІ:

1. МҰЗ АЙДЫНЫНДА ЖӘНЕ ТӨБЕШІКТЕН СЫРҒАНАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

- Балалардың рұқсат етілмеген, мұзы жұқа айдындары мен су айдындарында болуына жол бермеңіз.
- Қысқы спорт түрлеріне арналған жабдықтың (шана, коньки) жарамдылығы мен қауіпсіздігін тексеріңіз.

2. ЖОЛДА ЖҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Балаңызға жолдан, әсіресе көктайғақ кезінде, қауіпсіз өту ережелерін түсіндіріңіз.

3. СЫРҒАНАЙТЫН ОРИНДЫ ЖӘНЕ ОНДА БОЛУ УАҚЫТЫН БАҚЫЛАУ

- Балалардың, әсіресе адамдар көп жиналатын жерлерде, үнемі ересектердің бақылауында екеніне көз жеткізіңіз.
- Балаңызбен үйге қайту уақыты мен байланыс тәсілдері туралы келісіңіз.

4. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Балаңызға отты және электр құрылғыларын, әсіресе жаңа жылдық гирляндарды, шамдар мен бенгал ұшқындарын қолдануға байланысты ережелерді түсіндіріңіз.
- Сіріңке мен оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Сонымен қатар, Министрлік балалардың эмоционалды және психологиялық қауіпсіздігінің маңыздылығына назар аудартады. Қысқы демалыс – бұл отбасымен бірге болу, қызығушылықтар мен шығармашылық әрекеттерді дамыту уақыты. Балаларыңыздың бос уақыттарын қалай өткізетініне көңіл бөліңіздер.

Балалардың қауіпсіздігі – біздің ортақ жауапкершілігіміз. Балаларымыздың қысқы демалысы жарқын, көңілді және қауіпсіз өтсін!

ГАЗ ПЕШІН ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

12 жасқа дейінгі балаларға газ пешін
**ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ
САЛЫНАДЫ!**

02

Пешті қосу үшін, алдымен сіріңкені жағып,
содан кейін газ пешінің от кранын аш.

03

Егер жалын көк түстің орнына қызғылт сары
түске боялып, дірілдеп, күйе шығара бастаса,
газ пешін пайдалануға **БОЛМАЙДЫ** –
оны жөндеу қажет!

04

Газ пешін үйді жылыту үшін пайдалануға
БОЛМАЙДЫ.

05

Газ баллонын жылу көздерінің
жанына қоюға
БОЛМАЙДЫ.



Газдың иісі шыққан кезде бірден **104**
нөміріне хабарлас!

ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

Электр құралын өшіргенде, штепсельдің айырын розеткадан сымнан ұстап емес, штекерден ұстап шығар.

02

Су қолмен электр құралына қол тигізуге тыйым салынады.

03

Тек жарамды электр құралын, розеткаларды пайдалан.

04

Ешқандай жағдайда электр тогы өтетін жалаң сымдарға қол тигізуге болмайды.

05

Сымдарды есіктермен, терезе жақтауларымен қысуға, оларды шегелерге бекітуге қатаң тыйым салынады. Розеткалардың жанында ойнау, оларға шпилька, түйреуіштер тығып, сымдарды тарту қауіпті.



ЕСІҢДЕ БОЛСЫН:

қосылған және қараусыз қалған электр құралы мен газ плиталары – өрт және жарылыс көздері!

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

ЕСІНДЕ БОЛСЫН: жолдан тек жер асты және жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдері арқылы өтуге болады. Бұл сені қауіптен сақтайды және өмірің мен денсаулығыңды сақтауға көмектеседі.

02

ЖОЛҒА ЖАҚЫНДАҒАНДА ТОҚТАП, АЛДЫМЕН СОЛҒА, СОДАН КЕЙІН ОҒА МҰҚИЯТ ҚАРА. Жақындап қалған көлік жоқ па? Жол ашық па? Осыған көз жеткіз де, содан кейін ғана жолдан асықпай өт.

03

Егер қозғалыс өте тығыз және жолда көлік көп болса, жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне түсіп, өзің қалаған бағытта жүріп өт.

04

Есіңде болсын: жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт! **ҚЫЗЫЛ ТҮС ЖАНСА – ДЕРЕУ ТОҚТА!**

**ЖОЛДА ОЙЫН ОЙНАП,
ТЕНТЕКТІК ЖАСАУ –
ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ӨМІР
ҮШІН ҚАУІПТІ.**



ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОГО ПОВЕДЕНИЯ НА ДОРОГЕ

01

Помни, что ты пешеход и должен передвигаться только по тротуарам, пешеходным дорожкам и подземным переходам.

02

При движении в тёмное время суток необходимо иметь при себе предметы или приборы со светоотражающими элементами.

03

Пересекать проезжую часть можно только по подземным и надземным пешеходным переходам.

04

На дорогах, где движение регулируется, нужно следить за сигналами светофора или движениями регулировщика.

05

Останавливаться, замедлять шаг при переходе через проезжую часть опасно.

06

Если ты не успел перейти дорогу, остановись на разделяющей полосе.

07

Продолжай переход, только убедившись в безопасности дальнейшего движения и с учетом сигнала светофора (движения регулировщика).

